

Қоғамдық жұмысшылар жіберілетін ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздерін бекіту туралы.

Күшін жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 қаңтардағы N 01 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 5 ақпанда N 2-8-105 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 05 қаңтардағы N 01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2010.01.05 N 01 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабының 5-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмысшылар жіберілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздері қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. "Еңбекшіқазақ аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Ансатбаев Мұратбай заңмен б е л г і л е н г е н т ә р т і п т е :

1) қоғамдық жұмысты ұйымдастырушы мекемелер мен ұйымдар қоғамдық жұмысқа қатысатын жұмыссыз адамдарға қолайлы жұмыс орнын қамтамасыз е т с і н .

2) еңбекақылары ақшалай төленсін және әр адамның жеке есеп шотына т ү с і р і л с і н .

3. "Еңбекшіқазақ ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Асанбаев Қайрат Сматайұлы қоғамдық жұмысқа қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мерзімінде төленуін қамтамасыз етсін.

4. Аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 23 қаңтарда 2-8-66 нөмірімен мемлекеттік тіркеуден өткен, аудандық "Еңбекшіқазақ" газетінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 6 санында жарияланған аудан әкімдігінің 2008 жылғы 08 қаңтардағы "2008 жылға арналған ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оған қатысушы жұмыссыздардың еңбек ақы мөлшері туралы" N 33 қаулысының күші жойылған болып танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бекетаев
 Мақсат Тоқбергенұлына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі А. Тойбаев
 Енбекшіқазақ ауданы әкімдігінің
 2009 жылғы "12" қаңтардағы
 "Қоғамдық жұмысшылар жіберілетін
 ұйымдардың тізбесін қоғамдық
 жұмыстардың түрлерін, көлемі мен
 нақты жағдайларын, қатысушылардың
 еңбегіне төленетін ақының мөлшерін
 және оларды қаржыландырудың көздерін
 бекіту" туралы N 1 қаулысымен
 бекітілген қосымша

Қоғамдық жұмысшылар жіберілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздері

Р/с	Жұмыстардың түрлері	Жұмыс беруші
1.	Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерге, олардың жесірлеріне, жалғыз басты зейнеткерлерге, қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету.	Ауылдық әкімдер
2.	Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын жақсартуға көмек көрсету, кемтар балаларға арналған психологиялық және педагогикалық түзетуге көмек.	Ауылдық әкімдер және үкіметтік емес ұйымдар
3.	Аймақтарды көркейту, экологиялық жағдайды жақсарту, санитарлық тазалау жұмыстары (ағаштар мен жол жиегіндегі қоршауларды әктеу, су арықтарын тазарту, қалпына келтіру, жол жиегін тазалау), көгалдандыру (ағаштарды кесу, көшеттер отырғызу және оларды күту, Жеңіс паркін тазалау,	Қалалық, ауылдық әкімдер және қалалық, ауылдық

	гүлдерді күту), Жеңіс ескерткішін, Алтын Адам, Жабаяв ескерткіштерін күту, денсаулық сақтау мекемелерін қыс мезгілінде жылытуға көмек көрсету	мәдениет үйлері, аудандық кітапхана, аудандық және ауылдық ауруханалар, аудандық мұражай, саңыраулар қоғамы	
4.	Тұрмыстық коммуналдық мекемелерді, қала және ауыл аумағын тазартуға көмек.	Қалалық, әкімдер	ауылдық
5.	Аймақтық қоғамдық науқандарды өткізуге қатысу (көпшіліктің ой-пікірлерін сұрастыру, халық және мал санағы және тағы басқа), әскерге азаматтарды шақыру жұмыстарына қатысу, зейнеткерлер мен мүгедектерге тіркеу кітабын алмастыруға көмек көрсету.	Қалалық, әкімдер, қорғаныс жөніндегі және үкіметтік емес ұйымдар	ауылдық аудандық істер бөлім
6.	Зейнетақы мен мемлекеттік жәрдемақыны қайта есептеуге жәрдемдесу	Зейнетақы төлеу орталығы	
7.	Жалпы мал дәрігерлік іс-шараларды жүргізуге көмектесу (паспорттандыру, малдардан қан алу, ен салу және тағы басқа)	Ауылдық әкімдер	
8.	Архивтік құжаттарды жаңарту Аудандық архивке құжаттар өткізуге көмек көрсету.	Ауылдық және мұрағат	әкімдер аудандық
9.	Жасы кәмелетке толмаған тәртібі қиын жасөспірімдермен жұмыс жүргізуге көмек көрсету	Қалалық, әкімдер үкіметтік ұйымдар	ауылдық және емес
10.	Кітап тігу, түптеу, жаңғырту жұмыстары	Аудандық кітапхана	
11.	Хат-хабар жеткізіп беру	Ауылдық әкімдер	
12.	Мұрағаттық көрмелер ұйымдастыруға көмек	Аудандық мұражай	
13.	Саңыраулар клубын ұйымдастыруға көмек, естімейтін және есту қабілеті төмен мүгедектерге қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Аудандық саңыраулар қоғамы	
14.	Жұмыс іздеу клубы	Үкіметтік ұйымдар	емес
15.	Халық қайта дәстүрін, жаңғыртуға колөнерді көмек	Үкіметтік ұйымдар	емес

16.	Сенім телефоны	Үкіметтік ұйымдар	емес
17.	Жастарды және арналған қатынасу, жазғы демалыс және еңбек лагерлерін құруға, салауатты өмір салты акцияларын өткізуге және саяхат жорықтары мен үйірмелерді қатынасу.	Үкіметтік ұйымдар	емес
18.	Тұрмысы төмен отбасылары мен оралмандарға МАӘК, мемлекеттік жәрдемақы алуға және кеңестік көмек көрсету.	Қалалық, әкімдер	ауылдық
19.	Ауыл шаруашылығы жұмыстары мен ауылшаруашылық өнімдерін дайындау кезінде маусымды көмек көрсету	Үкіметтік ұйымдар	емес
20.	Әлеуметтік ғимараттарын жөндеуге қайта жаңартуға қатынасу.	Қалалық, әкімдер	ауылдық

Бюджеттік және үкіметтік емес ұйымдардағы ақылы қоғамдық жұмыстардың еңбек ақысы жергілікті бюджеттен республика бойынша 2009 жылға бекітілген орташа айлық еңбек ақы 13470 теңге көлемінде төленеді.

2009 жылға ақылы қоғамдық жұмысқа жіберілетіндер саны аудандық жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша 720 адам, ал жалпы төлем көлемі 2009 жылға бекітілген аудан бюджетіне сәйкес 29095 мың теңге көлемінде құралады.